

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 1151 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап . "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9 , 95-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспеде "сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың және" деген сөздер "акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ" деген с ө з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың аффилиирленген тұлғалары - тура және/немесе жанама түрде мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың шешімдерін белгілеуге және/немесе қабылдайтын шешімдеріне, соның ішінде негізгі ұйымның акцияларын (үлестерін) иелену құқықтарын жүзеге асырудың, шарттың, ауызша шартты қоса алғанда, немесе басқа да мәміленің нәтижесінде ықпал етуге мүмкіндігі бар (мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының

бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың қызметін реттеуді өздеріне берілген құзыреттерінің шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан басқа) тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың оған қатысты мұндай құқығы бар кез келген тұлға;"

3) т а р м а қ ш а д а :

"және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың" деген сөздер "акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есебінен" деген сөзден кейін "осы Заңның 27-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) конкурстық өтінімнің демпингтік бағасы - тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді белгілі бір тауар рыногында қалыптасқан бағалардың деңгейінен бірталай төмен бағалар бойынша ұсынған ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы;"

5) тармақшада "және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар" деген сөздер ", акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша "тапсырысшы беруші" деген сөзден кейін ", оның филиалы, өкілдігі" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

"11) мерзімді баспасөз - өткізілуге дайындалып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер жарияланатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган белгілейтін мерзімді баспасөз б а с ы л ы м д а р ы ; " ;

3) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) өз құзыреті мәселелері бойынша орындалуға міндетті жазбаша өкім енгізеді;"

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның жазбаша өкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдалынуы мүмкін;"

4) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі ақшаның есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының

**мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына
сәйкес жүзеге асыруға міндетті субъектілердің
мемлекеттік тізілімі**

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалар Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі ақшаның есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті субъектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізілуі тиіс.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өз билігіндегі ақшаның есебінен сатып алуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті субъектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізудің және одан шығарудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

5) 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "өнім беруші" деген сөзден кейін "осы Заңның 20-бабында және 21-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағында," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"кәсіптік біліктілігі, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тиісті рыногында бір жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі б о л у ғ а ; " ;

5) тармақшада: "сот жауапқа тартпаған болуға тиіс" деген сөздер "заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жауапқа тартылмаған болуы тиіс" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлікте "қолдау жасалатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздер " жағдайларда ықтимал өнім берушілер болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және тауарлар өндіретін, жұмыстар орындап, қызметтер көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдарға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "толық емес немесе" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Конкурстың ұйымдастырушысы конкурстың қорытындыларын шығарғаннан күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, ықтимал өнім берушілер дұрыс емес ақпарат ұсынған барлық анықталған фактілері туралы уәкілетті органды хабардар етуі т и і с .

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар,

сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны туралы сотқа талап ұсынған кезде, олардың талаптары қанағаттандырылған жағдайда, олар сот шешімі күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның мекен-жайына белгіленген тәртіппен куәландырылған сот шешімінің көшірмесін жібере отырып, оны х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

Біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынған ықтимал өнім берушілер туралы, сондай-ақ соңғы екі жыл ішінде мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шарттар бойынша олар міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін сот жауапқа тартқан ықтимал өнім берушілер туралы ақпарат уәкілетті органның Web-сайтында орналастырылады.";

6) 9 - б а п т а :

4 - т а р м а қ т а :

екінші бөлікте "акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар" деген сөздер ", акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік сатып алу жоспарының нысанын уәкілетті орган бекітеді.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, егер жаңа қаржы жылдың басына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) бекітілмесе, осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік сатып алу көлемінен осы шарт бойынша аспайтын көлемде тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын ұзартуға құқылы.

Құрылыстағы мердігерлік ұзақ мерзімді жұмыстардың және оларға ілеспе тауарлардың және/немесе көрсетілетін қызметтердің шарттары, сондай-ақ технологиялық жасалу мерзімі бір жылдан асатын тауарларды сатып алу туралы шарттары бір жылдан асатын мерзімге жасалуы мүмкін. Мұндай шарттарды жасаудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

7) 1 0 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тапсырыс беруші бюджетті (бизнес-жоспарды) бекіткеннен кейін келесі жылға қажетті және бекітілген бюджетте (бизнес-жоспарда) көзделген тауарларды, жұмыстар

мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы." ;

3-тармақта: бесінші бөлікте "акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар" деген сөздер "акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлікте "акционерлік қоғамдар" деген сөздер "заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) 11-баптың 2-тармағында :

"қабылдау аяқталған күнге дейін бір айдан кешіктірілмей мерзімді баспасөзде жариялануға тиіс, ал мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың оны осы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталғанға дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын жариялауға құқығы бар" деген сөздер "қабылдауды аяқтау күніне дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірілмей, мерзімді баспасөзде жариялануға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда қайтадан конкурс өткізу туралы хабарландыру осы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды аяқтау күніне дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей мерзімді баспасөзде жариялануға тиіс." ;

9) 12-баптың 6-тармағында :

бірінші бөлігінде "жеті" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлігінде "он" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 14-бапта :

1-тармақ "үш проценті мөлшерінде" деген сөздер "бір процентінен үш процентіне дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мөлшері конкурстың барлық қатысушыларына бірдей болуы тиіс";

2-тармақта :

1) тармақша "күн түрінде" деген сөздерден кейін "конкурс бойынша тұтас алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) олар қайталама рыноктағы тұрғын үйді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысушы жеке тұлғалар болып табылса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді." ;

6-тармақтың 5) тармақшасында "жағдайларда бес жұмыс күні ішінде қайтарып береді." деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) басқа ықтимал өнім беруші конкурстың жеңімпазы болып белгіленген жағдайларда бес жұмыс күні ішінде қайтарып береді.";

1 1) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: "1-1) конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында конкурстық комиссия тиісті мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы;"

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) конкурсқа қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы осы тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан артық болса, конкурстық өтінімді қабылдамайды.";

Мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Объектілерді салуға мердігерлік жұмыстарды және оларға ілеспе тауарлардың және/немесе көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ технологиялық жасалу мерзімі бір жылдан асатын тауарларды мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурстар өткізілген кезде , егер конкурсқа қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімнің бағасы осы тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан артық болса, оның конкурстық өтінімі де қабылданбайды.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1 Ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің бағасы демпингтік болған жағдайда, конкурстық комиссия оның конкурстық өтінімін қабылдамауға құқығы бар. Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасының тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді." ;

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін екеуден кем конкурстық өтінім табыс етілген жағдайда да, конкурстық комиссия конкурсты өткізілмеді деп т а н и д ы . " ;

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қажет болған жағдайда, конкурстық құжаттаманың мазмұнын өзгертуді және қайтадан конкурс өткізуді";

6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін қабылданған конкурстық өтінімдерге баға беріп, оларды салыстырады және ең төмен баға негізінде мынадай өлшемдерді ескере отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтайды:";

1) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақшасы "кадрларын даярлау" деген сөздерден кейін "сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің рыногындағы жұмыс тәжірибесі" деген

сөздермен

толықтырылсын;

10-тармақтың екінші абзацы "мерзімді баспасөзде" деген сөздерден кейін "егер осы Заңда өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 17-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) егер конкурс өткізілген жағдайда, сатып алуға бөлінген сома;

11) жеңімпаздың ұсынысынан кейінгі ұсынысы неғұрлым басымдыққа ие болған ықтимал өнім берушінің атауы мен мекен-жайы";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Конкурстық өтінімін табыс еткен ықтимал өнім беруші конкурстың қорытындылары мерзімді баспасөзде жарияланған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге тәсілдермен шағымдану құқығын жоғалтпастан, конкурстың қорытындыларын шағымдауға құқығы бар.";

13) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдау қандай болса да біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемдері құны жағынан Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана қолданылады, осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің қандай болса да біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемінің құны жағынан Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана өнім берушіні баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып таңдауға құқығы бар.";

14) 21-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер белгілі бір тауар рыногында, оның үлесі бұл рынокта жүз пайыз болатын, басымдылыққа (монополияға) ие жағдайы бар нарық субъектісінде ғана бар болған немесе балама болмаған";

3) тармақша "технологиялар" деген сөзден кейін "жұмыстар" деген сөзбен, "технологиямен" деген сөзден кейін "жұмыстармен" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақшада:

"және" деген сөз "/немесе" деген сөзбен толықтырылсын;

"жағдайларда ғана жүргізіледі" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "белгілейді" деген сөз "белгілеген;" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) дереу қалпына келтіруді талап ететін коммуникациялардың, механизмдердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектер мен материалдардың бара жатқан жолда сынуы, істен шығуы туындаған кезде мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалар, кейіннен уәкілетті органға он күнпарақтық күннен аспайтын мерзімде хабарлай отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған;

7) күн сайын және/немесе апта сайын қажеттілігі бар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді конкурстың қорытындыларын шығарған кезеңге дейін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған жағдайларда ғана жүргізіледі.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін біртекті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық көлемі құндық түрінде Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен, ал мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар аффилиирленген тұлғалары үшін төрт мың еселенген мөлшерінен асып түссе, осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 3), 4) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды тапсырыс беруші уәкілетті органмен келісе отырып жүзеге асырады. Табиғи монополияның субъектілерінен немесе белгілі бір тауар рыногында, оның үлесі бұл рынокта жүз пайыз болатын, басымдылыққа (монополияға) ие жағдайы бар нарық субъектісінен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу уәкілетті органның келісімін талап етпейді.

Қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін олардың ең болмаса біреуінің мөлшері айлық есептік көрсеткіштің:

1) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін екі мың еселенген мөлшерінен;

2) мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар аффилиирленген тұлғалары үшін төрт мың еселенген мөлшерінен кем болатындай бөліктерге бөлшектеуге жол берілмейді.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 1-тармағының б) тармақшасында көзделген жағдайларда бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілген кезде конкурстық комиссияны құру талап етілмейді." ;

4-тармақ "өнім беруші" деген сөздерден кейін "осы Заңның 21-бабы 1-тармағының 1) және 1-1) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың тәртібін, сондай-ақ бұл жағдайларда сұраныстарды қарау үшін қажетті құжаттардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді." ;

15) 23 - бапта :

2-тармақта "үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартқа (бағасын төмендетуді қоспағанда) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін қандай да бір өзгеріс және/немесе жаңа талаптар енгізуге жол берілмейді.

Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған сапасының, көлемінің және басқа жағдайларының өзгермеуі шартымен мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа бағасын төмендетуге қатысты өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

Тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойғанға дейін ықтимал өнім берушімен шарттың бағасын төмендету мақсатында келіссөз жүргізуге құқығы бар. Бұл ретте ықтимал өнім берушінің мұндай төмендетуге келіспеуге құқығы бар, бұл тапсырыс берушіге тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып танылған ықтимал өнім берушімен шарт жасаудан бас тарту құқығын бермейді.

Егер тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау барысында сатып алынатын ұқсас тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағалары төмендеу жағына өзгерген жағдайда, тапсырыс беруші мен ықтимал өнім берушінің екі жақтық келісімі бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартқа осы тармақтың ережелері ескеріле отырып, тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін." ;

16) 27-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағын іске асыру мақсатында конкурсты ұйымдастырушы сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері және/немесе мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері ғана қатыстырылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізеді. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көлемдері осы баптың 2-

тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілегеннен кем болмауы тиіс

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды шағын кәсіпкерлік субъектілерінен және/немесе мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінен жүзеге асырған кезде, олардың арасынан өнім берушіні таңдау, егер осы бап өзгені белгілемесе, осы Заңның 2 тарауында көзделген нормаларды қолдана отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс осы Заңның 16-бабында көзделген негіздер бойынша өткізілмеді деп танылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушының оған осы Заңның 16-бабының 5-тармағы беретін құқығын пайдалануға және тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөнінде қайтадан жалпы негіздерде конкурс өткізуге құқығы бар."

17) 4-тарау мынадай мазмұндағы 27-1-баппен толықтырылсын:

"27-1-бап. Сатып алуы мемлекеттік сатып алу заты болып табылмайтын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер

Мыналар:

1) жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстар;
2) жалақы (негізгі қаражаттан ұсталатын және содан қызмет көрсетілетін штаттағы қызметкерлер мен штаттан тыс жеке тұлғаларға еңбекақы төлеу қоры), жәрдемақы, іссапар шығындары, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

3) ғылым, әдебиет және өнер авторларына төленетін авторлық сыйақы;

4) мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың "жеңімпаздары болып белгіленген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалар немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалар жүзеге асыратын, осы конкурс нәтижесінде белгіленген өздерінің шарттық міндеттемелерін орындауға қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) өкілдік шығыстар (өзара ынтымақтастық орнату немесе қолдау мақсатында адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің отырысына келген қатысушыларды, директорлар кеңесінің, тексеру комиссиясының отырысына, акционерлер жиналысын өткізу үшін келген қатысушыларды ресми қабылдауды өткізу, оларды көлікпен қамтамасыз ету, келіссөздер кезінде дәмхана (фуршет) қызметін көрсету, ұйымның штатында тұрмайтын аудармашылардың көрсеткен қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар);

б) көрмелерге, семинарларға, конференцияларға, кеңестерге қатысуға қажетті

шығыстар, сондай-ақ көрмелердің семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің материалдарын сатып алу, мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу;

7) шетелде жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату;

8) кепіл, кепілдік және қаржылық қызметтерді тарту туралы шарттар бойынша міндеттемені орындауды қамтамасыз етудің басқа тәсілдері;

9) лизингке беру факторинг, франчайзинг, комиссия шарты бойынша сыйақы төлеу, сенімгерлік басқару, бюджет қаражатынан төлем жасау бөлігінде тікелей субсидия алушыға субсидия беру;

10) рейтингтік агенттіктері көрсететін қызметтерді сатып алу, қаржылық қызметтер (сақтандыру қызметтерін, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің қаржылық қызметтерді тартуын қоспағанда);

11) Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін өтеусіз негізде мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметтерінің қайырымдылық және халықаралық сипаты бар шетелдік мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар беретін гранттар қаражаттарын, сондай-ақ осы гранттарды қоса қаржыландыруға бөлінетін қаражаттарды пайдалану;

12) мемлекеттік білім тапсырысы;

13) тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі;

14) саудаларға (аукциондарға) қатысуға байланысты шығыстар, саудаларда (аукциондарда) өткізілетін:

орындаушылықты өндіру туралы заңнамаға сәйкес сот орындаушылары жүргізетін;

банкроттық туралы заңнамаға сәйкес;

жер туралы заңнамаға сәйкес;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша мүлікті (активтерді) сатып алу;

15) бағалы қағаздарды сатып алу;

16) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық қызметі;

17) банкноттар мен монеталардың дизайнын, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгені жасауға байланысты тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

18) сыртқы аудит бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі;

19) Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексінің 72-бабына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің 114- және 304-баптарына, "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының кодексінің 590-бабына және "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағына (жоғарыда аталған Заңның 6-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда) сәйкес оны төлеуден босатылған тұлғаларға заң көмегін

көрсетуге төлеу және бұл жағдайлардағы қорғау мен өкілеттікке байланысты шығыстарды өтеу, айыптының немесе күдіктінің таңдау құқығы болмаған кезде қылмыстық істер бойынша адвокаттық қызметтер;

20) жасалатын нотариалдық іс-қимылдар үшін төлеу;

21) мемлекеттік органдардың кесімдері негізінде жер учаскелерін бергені үшін төлеу ;

22) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың (табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) оларды кейіннен көтерме-бөлшек саудада өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

23) Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

24) мемлекеттік наградаларды, депутаттың кеуде белгісін, мемлекеттік сенім таңбаларын, Қазақстан Республикасы азаматтарының (соның ішінде қызметтік, елшілік) төлқұжаттарын, Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктерін, Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру рұқсатын, азаматтығы жоқ тұлғаның жеке куәлігін, акциздік алымдардың маркаларын жасау;

25) статистикалық мәліметтерді өңдеу қызметтерін сатып алу;

26) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу және одан көбірек пайызы мемлекеттік тиесілі заңды тұлғалардың немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың инновациялық қызметті қаржыландыру бойынша шешім қабылдау мақсатында инновацияларды тәуелсіз ғылыми-техникалық сараптау жөнінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

27) Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын ұйымдардың негізгі қызметінің заты бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша сатып алу мемлекеттік сатып алу заты болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген сатып алуды жүзеге асырған кезде тапсырыс берушілер осы Заңның 3-бабында жазылған мемлекеттік сатып алу процесінің құқықтық реттеу принциптерін басшылыққа алуға міндетті."

2-бап. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық кесімдерді осы Заңға сәйкес келтіргенге дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдері осы Заңға неғұрлым қайшы келмейтін болғандығынан қолданылады .

Осы Заң оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылады. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған құқықтар мен міндеттемелерге осы Заң оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындайтын құқықтар мен міндеттемелерге қолданылады.

3-бап. Осы Заң оны ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан